

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
 ҚРЫПТАЙ ҚОСАТАРЫНА ӨЗЕРГЕТУРМЕН
 ТОЛЫҚСА НАСЫРЫЛЫП ЕН

№ 3868 **БҮРҮГІ**
2015 13. 11
МІНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
3868
ПРИКАЗ №
13. 11 **2015.**

**«Қазақстан Ипотекалық
Компаниясы» Ипотекалық ұйымы»
АҚ Жалғыз акционерімен
«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік Қоғамы
Басқарма шешімімен БЕКІТІЛГЕН**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы
холдингі» акционерлік Қоғамы
Басқармасының күндізгі
отырысының хаттамасына
№5 қосымша**

№ 28/15



**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы»
акционерлік Қоғамының Жарғысына
өзгертулер мен толықтырулар**

Алматы қаласы, 2015 жыл

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік Қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) төмендегідей өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1.Жарғы мәтініндегі «Акционерлерінің жалпы жиналысы/Акционерлерінің жалпы жиналысын/жалпы жиналысы/ Акционерлер жалпы жиналысы/ Акционерлерінің жалпы жиналысымен/ Акционерлерінің жалпы жиналысының» деген сөздері «Жалғыз акционер/Жалғыз акционері/ Жалғыз акционерін/ Жалғыз акционермен/Жалғыз акционердің» сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылсын.

2.Жарғы мәтініндегі «акционер/акционерлер/акционерлері/ акционердің/акционерге» сөздері Жарғының 5 бөлімінің 5.1, 5.2, 5.3, 5.4 тармақтарынан басқа жағдайларда, «Жалғыз акционер/ Жалғыз акционері/ Жалғыз акционерін/ Жалғыз акционердің/ Жалғыз акционерге» сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылсын.

3.Жарғының 2 тарауының 2.7. тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2.7. Қоғам өзінің еншілес ұйымы – «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» акционерлік Қоғамын және еншілес ұйымы - «Бірлескен төлемдер жүйесі» акционерлік Қоғамын қосу арқылы қайта құрылған және «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» акционерлік Қоғамының барлық несие берушілері мен борышкерлеріне, оған қоса, тараптармен дауланатын міндеттемелерге қатысты құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.».

4.Жарғының 3 тарауының 3.2. тармағы мына редакцияда жазылсын:

«3.2. Жалғыз акционер Қоғамың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.».

5.Жарғының 3 тарауының 3.4. тармағы мына редакцияда жазылсын:

«3.4. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан лауазымды адамға оның Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды Қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғам Жалғыз акционердің шешімінің негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан, Қоғамың лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындағы мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамың осы лауазымды адамы осындағы үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамың жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамың осы

үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды адамы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде өрекет етеді.

Жалғыз акционер сот органдарына өтініш жасағанға дейін қоғамның лауазымды адамдарының келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде қоғам мұдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.».

6. Жарғының 6 тарауының 6.2. тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.».

7. Жарғының 7 тарауы мына редакцияда жазылсын:

«7. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттемелері

7.1 Қоғамның Жалғыз акционерінің:

1) Занда және (немесе) осы қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуда;

6) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

7) қоғам таратылған кезде мұліктің бір бөлігіне;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

9) Заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы;

10) Заңмен көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүргінуге;

11) Директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес Жалғыз акционер жиналысының құн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуі ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

14) Заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқы бар;

15) Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасы заңнамалары мен (және) осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтар берілуі мүмкін.

7.2. Қоғаммен орналастырылған акцияларды сатып алу Заңмен белгіленген тәртіппен бекітілген бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алған кезінде акциялардың құнын айқындаудың осы Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

7.3. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он құн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Жалғыз акционердің осы баптың 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

8. Жарғының 9 тарауы мына редакцияда жазылсын:

«9. Қоғамның Жалғыз акционері

9.1. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 9) Басқарма Төрағасын (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметіне ақы төлеу көлемін белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де занды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 17) Жалғыз акционер жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 18) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 19) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 20) Жалғыз акционермен белгіленген тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, атап айтқанда:
 - Директорлар Кеңесі туралы ережені,
 - дивиденд туралы саясатты,
 - Директорлар кеңесі қызметін бағалау әдіснамасын;
- 21) Қоғам әкімшілік шығындарының нормативтік және басқа лимиттерінің жеке түрлерін бекіту;

22) Қоғамға оның қызметіне қатысты мәселелер бойынша орындау үшін тіке (оперативтік) тапсырмаларды беру;

23) Қоғамның Басқарма Төрағасына тәртіп жаза қолдану және тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;

24) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;

25) Қоғамда тексеру (ревизия) жүргізу туралы шешімді қабылдау;

26) Шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамалары мен (немесе) Қоғам жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жататын басқа мәселелер жатады.

9.2. Егер осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыretіне беруге жол берілмейді.

9.3. Жалғыз акционердің Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның кез келген органымен қабылданған шешімнің күшін жоюға құқы бар.

9.4. Жалғыз акционер жыл сайын қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыretіне жататын шешімдерді қабылдайды;

9.5. Акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыretіне жататын мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсынуды Қоғамның Директорлар кеңесі ұсынады.

9.6. Акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының құзыretіне жататын мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ұсынуды әзірлеу:

1) Қоғамның атқарушы органымен;

2) қоғам тіркеушісімен, онымен жасалынған шартқа сәйкес;

3) Қоғам Директорлар кеңесімен;

4) Қоғамның тарату комиссиясымен.

9.7. Жалғыз акционердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің накты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

9.8. Жалғыз акционер жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселеледі қарауға құқы жоқ және олар бойынша шешім қабылдамайды. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

9.9. Жалғыз акционердің электрондық байланыс құралдары, соның ішінде Интернет желісі арқылы Жалғыз акционердің жиналысын әзірлеу аясында ұсынылатын ақпараттарды алуға құқы бар.

9.10. Жалғыз акционердің жиналысын жүргізу туралы осы Жарғымен реттелмейтін басқа мәселелер Қазақстани Республикасының заңнамаларымен және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.».

9. Жарғының 10-тaraуының 10.2. тармағы мына редакцияда жазылсын:

«10.2. Егер осы Занда және (немесе) қоғамның жарғысында өзгеше белгіленбесе, мынадай мәселелер директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау және оны іске асыруға өзнертулер мен толықтырулар енгізу және бақылау;

2) қоғамның даму жоспарын және оларды орындау туралы есепті бекіту және оны іске асыруға өзнертулер мен толықтырулар енгізу және бақылау;

3) қоғамның даму стратегиясын іске асыру іс-шараларының жоспарын бекіту және оны іске асыруға өзнертулер мен толықтырулар енгізу және бақылау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Комитеттерді құрау, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар Кеңесі комитеті мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлар кеңесінің, Директорлар Кеңесі комитеті, корпоративтік хатшы жұмысы туралы есепті бекіту;

8) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

9) Басқарма сан құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін анықтау, Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Қоғам Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

11) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

12) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі басшысы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметі басшысы мен мүшелерінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

13) Ишкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

14) Ишкі аудит қызметінің қызметін бағалауды бекіту;

15) Ишкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін бекіту;

16) Директолар кеңесі қызметін бағалау туралы есептерді бекіту;

17) Қоғам қызметін үйимдастыру мақсатында Қоғам басқармасымен қабылданған құжаттардан басқа тәуекелдікті басқару бойынша құжаттарды бекіту;

18) тәуекелдік бойынша тоқсан сайынғы есеп берулерді бекіту,

19) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның жұмыс тәртібін, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-

ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

20) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

21) Директолар кеңесімен анықталған тізім бойынша (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционермен және Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде аукцион өткізу шарттары мен тәртібі және Қоғамның бағалы қағаздарын тіркеуді белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту, соның ішінде;

- іскерлік этика кодексі;
- корпоративтік дау-дамай мен мұдделер дауын реттеу бойынша саясат;
- ақпараттық саясат.

22) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

23) басқа занды тұлғалардан он және одан да астам пайыз акцияларын (жарғы капиталындағы үлеске қатысу) Қоғаммен сатып алу (шығару) туралы шешімдерді қабылдау;

24) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі занды тұлға акционерлерінің (қатысуышыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

25) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің он және одан да астам пайызын құрайтын шамаға Қоғам міндеттемелерін көбейту;

26) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпия болып табылатын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

27) ірі мәмілелерді және бекітілуіне Қоғам мұдделі болып отырған мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

28) Қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны мен Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;

29) Қоғамның Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін және оның мақсатты мәнін, орындалғаны туралы есептіліктерді бекіту;

30) Қоғамның Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісімдерді ұсыну туралы шешім қабылдау;

31) корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;

32) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

33) Қоғамның спрэд мәнінің өзгерістері туралы шешім қабылдау;

34) Заңмен және (немесе) Жарғымен және Жалғыз акционермен және Жалғыз акционердің айрықша құзырына жатпітын Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де мәселелер.

Егер Заңмен және Қоғам Жарғысымен басқа жағдайлар қарастырылмаған болса, Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен қабылданады.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің айрықша құзырлығына жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне берілмейді.

Қоғамның Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының айрықша құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жок.

10. Жарғының 10 бөліміндегі 10.3. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10.3. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін қоғамда директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Қызметтеріне осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін және олардың жұмыс істеу тәртібін қалыптастыру, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.».

11. Жарғының 10 бөлімінің 10.8. тармағы алынып тасталсын.

12. Жарғының 10 бөліміндегі 10.12. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10.12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционермен жүргізіледі, бұл кезде Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің Жалғыз акционермен белгіленген өкілеттігі толық аяқталған мерзімде аяқталады».

13. Жарғының 10 бөліміндегі 10.19. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10.19. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Жария компанияның директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес мөлшерде тәуелсіз директорлар ұсынылуға тиіс.

Кворум байланыстың техникалық түрін қолдану (видеоконференциялар сеансы режимінде және т.б.) арқылы немесе жазбаша түрде айтылған олардың дауыстарының болуымен қарастырылған мәселелерді талқылау мен дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің есебімен анықталуы мүмкін.

Кворумды және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде жазбаша пікірлер тек қана Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беру нәтижесін көрсететін күн тәртібі мәселелері бойынша есептелінеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндettі. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына ендіру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. ».

14. Жарғының 11 бөлімінің 11.3. тармағындағы «Қоғамның Директорлар кеңесімен сайланған» сөздері алынып тасталсын.

15. Жарғының 11 бөлімінің 11.5. тармағы алынып тасталсын.

16. Жарғының 11 бөлімінің 11.8. тармағы алынып тасталсын.

17. Жарғының 11 бөліміндегі 10.10. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11.10. Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар Кеңесі мен лауазымды тұлғаларының құзыretіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдау Қоғам Басқармасының құзыretіне жатады, соның ішінде:

1) Қоғамның күнделікті қызметіне басшылық жүргізу, Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

2) Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің қарауына ендірілген мәселелерді алдын ала қарau;

3) Салық есебі саясатын бекіту;

4) Қоғам қызметін ұйымдастырумен байланысты Қоғам бөлімшелерінің өзара тәртібін реттейтін, сондай-ақ олардың құзыреттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы арқылы бекітілуін Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар Кеңесінің құзыretіне жатқызылған құжаттарды қоспағандағы, ішкі құжаттарды қабылдау;

5) жылдық қаржы есебін дайындау;

6) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлері айлықтарының мөлшерін, еңбек жағдайлары мен сыйақыларды анықтауды қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін анықтау, лауазымдық айлықақыларының, айлықақыларына дербес үстемеақы, бонус және басқа да төлемдердің мөлшерін белгілеу, сыйлықақы беру, рухани және материалды ынталандыру, Қоғам ұжымының өндірістік және әлеуметтік даму мәселелерін шешу.

7) Қоғамның даму жоспарларын және орындалғандығы туралы есептерді әзірлеу;

8) жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын, Қоғам қызметкерлеріне берілетін төленетін жылдық және басқа да демалыстардың ұзақтығын және берілу тәртібін анықтау;

9) даму жоспарындағы бекітілген сомалар шеңберінде Қоғамның бюджетін бекіту;

10) Қоғамның несиелік комитетін және басқа комитеттерін құру (қалыптастыру) туралы шешім қабылдау;

11) ай сайынғы баға белгілеу мөлшерлемесін бекіту;

12) Қоғамның спрэд мәнінің өзгеруі туралы алдын ала шешім қабылдау;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі күжаттарымен белгіленген, Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған басқа қызметтер мен басқа мәселелерді орындау.

18. Жарғының 11 бөлімінің 11.14. тармағындағы бірінші сөйлем алынып тасталсын.

19. Жарғының 14 бөліміндегі 14.5. тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) олардың мәміле тараптары екендігі немесе оған өкіл немесе үш жұмыс күні ішінде деддал ретінде қатысатындығы туралы;

20. Жарғының 14 бөліміндегі 14.7. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14.7. Мұдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасасуы туралы Жалғыз акционермен мынадай жағдайларда шешімдер қабылданады:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мұдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына орай, Директорлар кеңесінің мұндай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда.

21. Жарғының 14 бөлімінің 14.8. тармағы алынып тасталсын.

22. Жарғының 14 бөліміндегі 14.9. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14.9. Ірі мәмілені және мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілені сонымен қатар Қазақстан Республикасы заң талаптарын бұзумен жасалған басқа мәмілелер жасасу кезінде осы жарғыда заңмен көзделген талаптарды сақтамау Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылған тәртіpte және негізде мұдделі тұлғалардың талап-арызы бойынша сот тәртібімен бұл мәмілелерді жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

23. Жарғының 15 бөлімінің 15. 5. тармағы 6) тармақшасындағы «лицензиялар» сөзі «рұқсат берулер» сөздерімен ауыстырылсын.

24. Жарғының 15 бөліміндегі 15.6. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15.6. Қоғам Қазақстан қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін, сонымен қатар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жыл қорытындысы бойынша Басқарма мүшелерінің сыйақысының сомалық көлемі туралы ақпараттарды орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қоғам, егер оның бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа толықтыру ретінде Қазақстан қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп

пен қаржылық есептілік туралы, тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасына оның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен қор биржасының интернет-ресурсында жариялау үшін барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсынады.

Қоғам корпоративтік веб-сайтында ірі акционерлер, сонымен қатар басшылық қызметін қоса атқаратын немесе басқа заңды тұлғаларда басқа негізгі қызметті атқаратын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері туралы қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған тәртіппен олардың басқа заңды тұлғалардағы өкілеттігі мен міндеттері туралы ақпараттардың көрсетілуімен ақпараттарды орналастыруға міндетті.».


«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»

Ипотекалық ұйымы»

акционерлік қоғамының

Басқарма Төрағасы

Магзумов Адиль Аманжол



УТВЕРЖДЕНЫ
Единственным акционером
АО «ИО «Казахстанская Ипотечная
Компания»
Решением Правления
акционерного общества
«Национальный управляющий
холдинг «Байтерек»

Приложение №5
к протоколу очного
заседания Правления
акционерного общества
«Национальный управляющий
холдинг «Байтерек»
от «28» сентября 2015 года №28/15

**Изменения и дополнения
в Устав акционерного общества
«Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания»**

4. Пункт 2, подпункт 3б) статьи 2 Устава изменяется следующим образом:

«3.2. Голосующий акционер не вправе участвовать в заседании Общества в качестве участника, если он является участником Акционерного общества, имеющим право голоса на общем собрании участников общества, предоставленное ему Решением Акционерного общества».

5. Пункт 2, раздела 2, статьи 2 Устава изменяется следующим образом:

«2. Общество на общем собрании участников общества, имеющих право голоса на общем собрании участников общества, имеет право обратиться в суд в случае неполномочия участников общего собрания общества или неправомерности действий общего собрания участников общества, а также для отмены решений общего собрания участников общества, если эти решения были приняты в нарушение установленных законом или уставом общества (далее – «заявление о признании недействительным (незаконным) решения общего собрания участников общества»), в соответствии с которым общество или его учредитель (участник) не имел права голоса, либо не имел права участвовать в общем собрании участников общества, включая право выразить свое мнение в общем собрании участников общества».

Согласно изложенному, вступает в силу с момента подписания.
Единственный акционер – от

г. Алматы, 2015 год

Внести в Устав акционерного общества «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания» (далее – Устав) следующие изменения и дополнения:

1. По всему тексту Устава слова «Общего собрания акционеров/Общего собрания/Общее собрание акционеров/Общим собранием акционеров/Общем собрании акционеров/Общему собранию акционеров» заменить словами «Единственного акционера/Единственный акционер/Единственным акционером/Единственном акционере/Единственному акционеру» в соответствующих контексту падежах.

2. По всему тексту Устава слова «акционер/акционеры/акционеров/акционера/акционеру» заменить словами «Единственного акционера/Единственный акционер/Единственным акционером/Единственном акционере/Единственному акционеру» в соответствующих контексту падежах, за исключением пунктов 5.1, 5.2, 5.3, 5.4 раздела 5 Устава.

3. Пункт 2.7. раздела 2 Устава изложить в следующей редакции:

«2.7. Общество, реорганизовано путем присоединения к нему дочерней организации – акционерного общества «Ипотечная организация «КазИпотека» и дочерней организации – акционерного общества «Единые Платежные Системы», является правопреемником акционерного общества «Ипотечная организация «КазИпотека» и акционерного общества «Единые Платежные Системы» по всем их правам и обязанностям в отношении всех кредиторов и должников, включая обязательства, оспариваемые сторонами.».

4. Пункт 3.2. раздела 3 Устава изложить в следующей редакции:

